Шахтинск қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (*№1 нүкте – Шахтинск ЖЭО, Парковая мен Құсайынова көшелерінің қиылысы, №2 нүкте- Қазақстандық шахтасы, 3-құрылыс тұйық көшесі және Гагарин көшесімен қиылысады*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, фенол, көмірсутектерінің соммасы, аммиак, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№1 нүктеде максималды бір реттік айлық шоғырлары: күкіртсутегі –1,3 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді –1,2 ШЖШ_{м.б}; №2 нүктеде максималды бір реттік айлық шоғырлары: көміртегі оксиді –1,6 ШЖШ_{м.б}, күкіртті сутегі –1,3 ШЖШ_{м.б}, аммиак –1,0 ШЖШ_{м.б}, құрады ,басқа ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінен аспады (8.3-кесте).

**Шахтинск қаласының бақылаулар мәліметі бойынша
ластаушы заттардың максималды шоғырлары**

Анықталатын қоспа	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ _{м.р}	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ _{м.р}
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,090	0,18	0,090	0,18
Күкірт диоксиді	0,041	0,08	0,037	0,07
Көміртегі оксиді	6,200	1,20	8,100	1,62
Азот диоксиді	0,037	0,19	0,039	0,20
Азот оксиді	0,092	0,23	0,052	0,13
Күкіртсутегі	0,010	1,25	0,010	1,25
Фенол	0,008	0,80	0,008	0,80
Көмірсутектер соммасы	60,100		60,700	
Аммиак	0,092	0,46	0,200	1,00
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,00

**8.4 Топар кентінің эпизодтық бақылаулар мәліметі бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйі**

Топар кентінде ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде жүргізілді (*№1 нүкте - Мира мен Сарыарқа көшесінің қиылысында*).

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, бензол, көмірсутектер соммасы, аммиак, озон (жербеті) шоғыры өлшенеді.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: көміртегі оксиді – 3,1ШЖШ_{м.б.}, бензол – 1,6ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,5ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (8.4-кесте).

8.4-кесте

Топар кентінің бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспа	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ _{м.б}
Қалқымабөлшектер (шаң)	0,100	0,20
Күкірт диоксиді	0,281	0,56
Көміртегі оксиді	15,300	3,06
Азот диоксиді	0,081	0,41
Азот оксиді	0,187	0,47
Күкіртті сутегі	0,012	1,50
Бензол	0,486	1,62
Көмірсутектер соммасы	92,300	
Аммиак	0,132	0,66
Озон (жербеті)	0,038	0,24

8.5 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.5-кесте).

8.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	«Сабитова» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



8.2 сур. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша (1-сурет), атмосфералық ластану деңгейі **жоғары** болып есептелді, оның шамасы №2 бақылау орнының (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек) ауданында күкіртті сутегі бойынша СИ = 6-ге (жоғарғы деңгей) және №4 бақылау бекетінің аумағында (Сейфулина көшесі(больничный городок, СЭС маңайында)) күкірт диоксиді бойынша ЕЖҚ=1%-ға (көтеріңкі деңгей) анықталды.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғыры - 1,1 ШЖШ_{от}, озон (жербеті) -2,0 ШЖШ_{м.б} басқа ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ_{от}-дан асқан жоқ.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырларынан асуы – 3,3 ШЖШ_{м.б} құрады, күкіртсутегі бойынша – 5,9 ШЖШ_{м.б}, қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 1,8 ШЖШ_{м.б}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша – 2,5 ШЖШ_{м.б}, РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша – 1,3 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді-1,0 ШЖШ_{м.б} басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.

8.6 Балқаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Балқаш қаласында атмосфералық ауа ластануың бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте – 17 орамы, "Фудмарт" дүкенінің ауданы; №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткіші ауданы; №3 нүкте – «Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің, аммиактың, бензолдың, күкірт диоксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, көміртегі оксидінің, көміртегі диоксидінің, күкіртсутегінің, көмір сутегі сомасы, озонның (жербеті), хлорлы сутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша, бензолдың максималды бір реттік шоғыры шамасы –1,03 ШЖШ_{м.б} (№1 нүкте) және 1,27 ШЖШ_{м.р} (№3 нүкте). Басқа анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген норма шамасында болды(8.6-кесте).

8.6-кесте

Балқаш қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Аммиак	0,010	0,048	0,005	0,025	0,006	0,030
Бензол	0,31	1,03	0,29	0,97	0,38	1,27
Қалқыма бөлшектер	0,06	0,11	0,03	0,07	0,06	0,11
Күкірт диоксиді	0,016	0,032	0,203	0,406	0,019	0,038
Азот диоксиді	0,015	0,075	0,006	0,030	0,007	0,035

Азот оксиді	0,007	0,018	0,007	0,018	0,006	0,015
Көміртегі оксиді	4,88	0,98	0,94	0,19	0,87	0,17
Көміртегі диоксиді	2390,0		1240,0		2013,0	
Күкіртті сутегі	0,0037	0,4625	0,0039	0,4875	0,0007	0,0875
Көмірсутегі сомасы	104,0		89,7		117,0	
Озон (жербеті)	0,028	0,175	0,005	0,031	0,007	0,044
Хлорлы сутегі	0,024	0,12	0,011	0,06	0,060	0,30


8.7 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.7-кесте).

8.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шан),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шан),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жәлел көшесі, 4 «А/1»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді,азот оксиді, көміртегі оксиді,озон (жербеті), күкірт диоксиді,күкіртті сутегі, аммиак



8.3 сур. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.7 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ = 23% (жоғары деңгей) фенол бойынша № 2 – бекеттің аумағында (Сарыарка көшесі, 4Г, *тоқыма фабрикасының ауданы*) анықталды және СИ = 7,8 (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 1– бекеттің аумағында (М. Жәлел көшесі, 4а/1).

Қалқыма бөлшектердің озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары – 1,7 ШЖШ_{о.т.}, фенолдың – 2,3 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді - 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкірттісутегі – 7,8 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.8 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.8-кесте).

8.8- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті)



8.4сур. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=1,5 №1 бекет аумағында (Саран көшесі, 28а) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды. және ЕЖҚ=0 % анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша максималды бір реттік айлық шоғыры 1,5ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.9 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.9-кесте).

8.9- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Димитров көшесі,213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак,сынап
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.8-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану **өте жоғары** болып бағаланды, ол СИ =11,1- ге тең (>10 өте жоғары деңгей) мәнмен анықталды.

*БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

*2019 жылғы 11 қаңтарда №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша күкірт диоксидінің (10,0 ШЖШ_{м.б}) 1 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген

*2019 жылғы 11 ақпанда, 1,2 және 12 наурызда №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша азот диоксидінің (10,04 – 11,1 ШЖШ_{м.б}) 53 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген (2-кесте).

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,9 ШЖШ_{о.т.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,0 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді -1,7 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді -3,0 ШЖШ_{о.т.} фенол – 3,3 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 10,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 11,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 5,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 6,7 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 3,5 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

8.10 Қарағанды облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қарағанды ауыл-шаруашылық сынақ станциясы (АШСС)) алынған жаңбыр суына сынама алумен (8.10 сур.) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.


Кадмий шоғыры Қарағанды АШСС МС – 1,89 ШЖШ, Жезқазған МС – 1,61 ШЖШ құрады, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) асты

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 37,40%, сульфаттар 26,23%, кальций иондары 13,86 %, хлоридтер 6,87 %, натрий иондары 4,71 %, магний иондары 3,72 % және калий иондары 3,11 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жезқазған МС – 126,15 мг/л, ең азы Балқаш МС – 35,34 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі Қарағанды облысының аумағында 55,96 мкСм/см-ден (Балқаш МС) 190,29 мкСм/см (Жезқазған МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз-қышқыл және бейтарап орта сипатта болып, 6,13 (Балқаш МС) – 6,68 (Жезқазған МС) аралығында болды.



8.6 сур. Қарағанды облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

8.11 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 7 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгір, өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Қ. Сатпаев атындағы арна.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауында саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесі түрде бағаланды:

Нұра өзені

- тұстама: Шешенқара а., ауылдан 3 км төмен, автожол көпірдің ауданында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 53,6 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық мөлшерінен асып түседі.

- тұстама: Балықты т.ж. стансасы, су сапасы 4 класқа жатады: қ магний – 56,0 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

- тұстама: Теміртау қ. "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды су шығарымынан 1 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: фенолдар – 0,0017 мг/дм³. Фенолдың концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

- тұстама: «Теміртау қ. «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды су шығарымынан 1 км төмен» су сапасы 4 класқа жатады: магний – 31,8 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

- тұстама «Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен» су сапасы 4 класқа жатады: Магний – 42,1 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

- тұстама «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арнасынан 5,7 км төмен» су сапасы 5 класқа жатады: фенол – 0,0017 мг/дм³. Фенолдың концентрациясы фондық мөлшерінен асып түседі.

- тұстама «Жанаталап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі» су сапасы 4 класқа жатады: магний – 35,0 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

- тұстама «Ынтымақ су қоймасының төменгі ағыны, бөгеттен 100 м төмен» су сапасы 4 класқа жатады: магний – 42,5 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

- тұстама «Ақмешіт а., ауылдың шегінде» су сапасы 5 класқа жатады: фенол – 0,0017 мг/дм³. Фенолдың концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 0,1 – 6,5°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,50 - 8,75, судағы еріген оттегі концентрациясы – 4,27 – 12,72 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,08-2,96 мг/дм³, түстілігі - 19 – 57 градус; иісі – 0 балл. Нұра өзенінің ұзындығыда су сапасы 4 класқа жатады: магний – 41,1 мг/дм³.

Самарқан су қоймасы

-тұстама «Теміртау қ.,бөгеттен 7 км жоғары, проран» су сапасы 5 класқа жатады: Фенол – 0,002 мг/дм³; Фенолдың концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

- тұстама «су қоймасының оңтүстік жағалауынан тұстама бойынша 0,5 км» су сапасы 4 классқа жатады: магний – 33,9 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

Самаркан су қоймасы - бойынша су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,68-7,87, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,65-10,89 мг/дм³, ОБТ₅ –1,71-2,96 мг/дм³, түстілігі - 34 – 50 градус; иісі – 0 балл.Су сапасы Самарканд су қоймасында 4 классқа жатады: магний – 34,0 мг/дм³.

Кеңгір су қоймасы бойынша су температурасы 1,4-3,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,48-7,73, судағы еріген оттегі концентрациясы – 12,26-12,64 мг/дм³, ОБТ₅–0,50-1,45 мг/дм³, түстілігі - 13–15 градус; иісі – 0 балл.

- тұстама «Жезқазған қ., Қара-Кеңгір өзенінен 0,1 км А 15» су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенол – 0,0017 мг/дм³, темір (3+) – 0,13 мг/дм³. Фенолдың концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

Қара Кеңгір өзені:

- тұстама «Кеңгір суқоймасы бөгетінен 0,2 км төмен, ағынды сулар шығарымынан 0,2 км жоғары» су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – 0,19 мг/л. Үш валентті темірдің концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

- тұстама: «Кеңгір суқоймасының бөгетінен 4,7 км төмен, ағынды сулар ағызудан 0,5 км төмен» су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 12,95 мг/дм³, ОБТ₅ – 10,57 мг/дм³; аммоний ион концентрациясы фондық мөлшерінен аспайды мен ОБТ₅ концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының бөгетінен 3,0 км төмен, ағынды сулар ағызудан 5,5 км төмен» - су сапасы (>5 класс) нормаланбайды: аммоний ион – 7,03 мг/дм³. Аммоний ионның концентрациясы фондық мөлшерінен аспайды.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 0,1 – 4,4°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,09-7,65, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,49-12,65 мг/дм³, ОБТ₅–0,75-17,10 мг/дм³, түстілігі – 11-56 градус; иісі – 0-2,0 балл. Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 классқа): аммоний ион – 6,65 мг/дм³.

Соқыр өзені - су температурасы 0,1 – 0,3°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші,7,6-7,81, судағы еріген оттегі концентрациясы – 6,03-11,36 мг/дм³, ОБТ₅–2,02-3,67 мг/дм³, түстілігі – 83 градус; иісі – 0-3,0 балл.

- тұстама: өзен сағасы, Қаражар а. маңындағы автожол көпірінде су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 12,9 мг/дм³. Аммоний ионның концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

Шерубайнұра өзені, - су температурасы 0,1 – 0,3°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші,7,55-7,88, судағы еріген оттегі концентрациясы – 6,18-11,58 мг/дм³, ОБТ₅–1,55-3,09 мг/дм³, түстілігі – 79-82 градус; иісі – 2-4 балл.

- тұстама «өзен сағасы, Асыл а. 2,0 км төмен» су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 12,7 мг/дм³. Аммоний ионның концентрациясы фондық мөлшерінен асады.

Қ. Сәтпаев атындағы арна

- тұстама «№17 сорғы стансасы» су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – 0,13 мг/дм³. Үш валентті темірдің концентрациясы фондық мөлшерінен аспайды.

- тұстама «Петровка а. 156 көпір» - су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үшвалентті темір – 0,15 мг/дм³; Үшвалентті темірдің концентрациясы фондық мөлшерінен аспайды.

Қ. Сәтпаев атындағы арна бойынша су температурасы 0,1 – 0,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,79-8,09, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,36-11,51 мг/дм³, ОБТ₅–2,33-2,95 мг/дм³, түстілігі - 33 – 36 градус; иісі – 0 балл.

Қ. Сәтпаев атындағы арнаның су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – 0,14 мг/дм³.

Қарағанды облысының аумағындағы 2019 жылғы 1 тоқсанында су объектілерінің су сапасы бірыңғай жіктеме бойынша былайша бағаланады: нормаланбайды (>3 класс) - Қ. Сәтпаев атындағы арна, 4 классқа - Нұра өзені, Самарқан су қоймасы; 5-классқа - Кеңгір су қоймасы; нормаланбайды (>5 класс) - Соқыр, Шерубайнұра, Қара Кеңгір өзендері.


Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Нұра өзені, Қаныш Сәтпаев атындағы арна балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесіне және халықаралық және республикалық маңызы бар учаскелерге кіреді. Осыған байланысты, Нұра өзенінің су сапасын бағалау балық шаруашылығының ШПК мен СЛКИ пайдалану арқылы қосымша орындалды.

Нұра өзені: су температурасы 0,1 – 6,5°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,94, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,27 мг/дм³, ОБТ₅–2,32 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 2,4 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ, жалпы темір – 2,9 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 4,1 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,9 ШЖШ, марганец (2+)– 4,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00007 мг/дм³, ең үлкен концентрациясы – 0,00014 мг/дм³.

Қ.Сәтпаев атындағы арна: су температурасы 0,1 – 0,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,94, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,435 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,64 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,2 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,4 ШЖШ, марганец (2+)– 2,4 ШЖШ,) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Қарағанды облысының аумағында СЛКИ бойынша Нұра өзені мен Қ.Сәтпаев атындағы арнаның су сапасы 2019 жылдың 1-тоқсанында «ластанудың орташа деңгейіндегі» су деп бағаланды.

2018 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда су сапасы Нұра өзені мен Қ.Сатпаев атындағы арнада айтарлықтай өзгерген жоқ.



8.7 сур.Қарағанды облысы жер үсті суы сапасының сипаттамасы

8.12 Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті су сапасы

Нұра өзені. Биотестілеу бойынша сынақ объектісіне ешқандай уытты әсер табылған жоқ. Зерттелетін уақыт кезеңінде барлық бақылау нүктелерінде дафниялардың тірі қалуы 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0% болды.

Шерубайнура өзені. Шерубайнура өзенінің өткір уыттылығын анықтау процесінде тест-көрсеткіші 0% құрады. Сынақ объектісіне улы әсер болмады.

Қара Кеңгір өзені. Биотестілеу кезінде 1-тоқсан бойынша барлық бақылау тұстамаларында тірі қалған дафниялар саны 99% құрады. Тест-көрсеткіш 1% тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы. Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 100% құрады, тест-көрсеткіші 0% болды. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* –ға уыттылық әсерін тигізбеді.

Кеңгір су қоймасы. Зерттелетін судағы тірі дафниялар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіші - 0%. Биотестілеу кезінде алынған мәліметтер бойынша тест-нысанға уыттылық әсерін тигізбеді.

8.13 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 9 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Қарқаралы, Сары-шаған, Жанаарқа, Киевка Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.10-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04 -0,49мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,15мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.10-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 – 4,1Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.10 сур. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі


9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
3			Дошанов көшесі, 43, қала орталығы	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бородина көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
4			Маяков көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол СИ=4 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) анықталды(1,2-сур.).

Қала ауасы (№3-бекет аумағында) **азот диоксидімен** басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа шоғырлар барлық ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 1,0ШЖШ_{м.б.},азот оксиді – 1,98 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
6			мешіттің маңы	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды. Ол СИ=1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды(1,2-сур.).

деңгейі **төменгі** болып бағаланды. Ол $EЖҚ=0\%$ (төмен деңгей), $СИ=1$ (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қенті бойынша орташа шоғырлар барлық ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар озон – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.4 Арқалық қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Арқалық қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (*№1 – Арқалық қ.*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті, көмірсутектер және озон өлшенді.

Ең жоғары-бір реттік шоғырлары: азот диоксиді - 3,83 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді - 3,49 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді - 1,32 ШЖШ_{м.б.} құрады, бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінде болды (9.4-кесте).

9.4-кесте

Арқалық қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	$q_{m} \text{ мг/м}^3$	$q_{m} \text{ ШЖШ}$
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,10	0,20
Азот диоксиді	0,77	3,83
Күкірт диоксиді	0,66	1,32
Көміртегі оксиді	0,01	0,00
Азот оксиді	1,40	3,49
Сутегі күкірті	0,0	0,0
Озон	0,01	0,08
Көмірсутектер	5,20	0,0

9.5 Жітіқара қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Жітіқара қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (*№1 – Жітіқара қ.*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті, көмірсутектер және озон өлшенді.

Ең жоғары - бір реттік шоғырлары: азот диоксиді - 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді - 1,13 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі - 2,67 ШЖШ_{м.б.} құрады, бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінде болды (9.5-кесте).

9.5-кесте

Жітіқара қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,05	0,10
Азот диоксиді	0,22	1,09
Күкірт диоксиді	0,57	1,13
Көміртегі оксиді	0,04	0,00
Азот оксиді	0,09	0,22
Сутегі күкірті	0,021	2,67
Озон	0,02	0,14
Көмірсутектер	9,43	0,00

9.6 Лисаковск қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Лисаковск қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 – Лисаковск қ.) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті, көмірсутектер және озон өлшенді.

Ең жоғары - бір реттік шоғырлары: күкірт диоксиді - 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі - 6,75 ШЖШ_{м.б.} құрады, бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінде болды (9.6-кесте).

9.6-кесте

Лисаковск қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,01	0,03
Азот диоксиді	0,00	0,00
Күкірт диоксиді	0,55	1,10
Көміртегі оксиді	0,50	0,10
Азот оксиді	0,01	0,02
Сутегі күкірті	0,054	6,75
Озон	0,01	0,04
Көмірсутектер	9,43	0,00

9.7 Заречный кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Заречный кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (*№1 – Заречный кенті*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті, көмірсутектер және озон өлшенді.

Ең жоғары - бір реттік шоғыры: күкірт диоксиді-1,21 ШЖШ_{м.б.} құрады, бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінде болды (9.7-кесте).

9.7-кесте

Заречный кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q _{мг/м³}	q _{м/ШЖШ}
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,06	0,12
Азот диоксиді	0,00	0,00
Күкіртдиоксиді	0,60	1,21
Көміртегіоксиді	0,00	0,00
Азот оксиді	0,02	0,04
Сутегі күкірті	0,000	0,00
Озон	0,01	0,05
Көмірсутектер	0,00	0,00

9.8 Дружба кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Дружба кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (*№1 – Дружба кенті*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті, көмірсутектер және озон өлшенді.

Ең жоғары - бір реттік шоғыры: азот диоксиді- 4,34 ШЖШ_{м.б.} құрады, бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінде болды (9.8-кесте).

Дружба кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,05	0,10
Азот диоксиді	0,87	4,34
Күкіртдиоксиді	0,29	0,58
Көміртегіоксиді	0,19	0,00
Азот оксиді	0,01	0,03
Сутегі күкірті	0,000	0,00
Озон	0,01	0,03
Көмірсутектер	9,43	0,0


9.9 Қостанай облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Қостанай метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен (9.9 сур.) жүргізілді.

Қостанай МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 22,18 %, гидрокарбонаттар 35,21 %, хлоридтер 11,99 %, кальций иондары 10,57 %, натрий 7,4 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация 57,22 мг/л, электр өткізгіштік – 90,57 мкСм/см құрады. Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта болды (6,26).



9.9 сур. Қостанай облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

9.10 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 11 су нысанында (Тобыл, Әйет, Тоғызак, Үй, Обаған, Желқуар, Қараторғай өзендері, Аманкелді, Қаратамар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су қоймаларында) өткізілді.

Тобыл өзені өз басын Көкпекті және Бозбие өзендерінің бірігу орнынан Оңтүстік Орал таулары арасында, Қостанай облысындағы далада және кең далаларда ағып жатыр. Қазіргі уақытта Тобыл су айдыны су қоймаларының каскадының көмегімен реттеледі. Желқуар (Жітіқара қ), Верхнетобольское (Лисаковск қ), Қаратамар, Сергеевское (Рудный қ) және Аманкелді (Қостанай қ) су қоймалары құрылды. Бұдан әрі, Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облысы арқылы Тавды, Тура, Исети, Обаған, Үй, Әйет, Тоғызак өзендерінің суларын сіңіріп, ежелгі орыс Тобольск қаласының аймағында Ертіс өзеніне ағылады.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

Тобыл өзені:

- Аққарға а. тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 1 км г/б жармасында: судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 48,1 мг/л, магний – 428,3 мг/л, минерализация – 9370,2 мг/л, сульфаттар - 1632,5 мг/л, хлоридтер – 4119,8 мг/л. Кальций, магний, минерализация, хлоридтер, сульфаттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Гришенка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км төмен г/б тұстамасы: судың сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (2+)- 0,08 мг/л . Магний – 28,9 мг/л, минерализация – 1242,5 мг/л.

- Қостанай қ. тұстамасы, Қаласуарна Басқармасы 1 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 46,4 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. 10 км төмен судың сапасы 4 класқа жатады: магний - 48,0 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Милютинка а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында: су сапасы 4 класқа жатады: магний - 48,2 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0,0-0,1⁰С , сутегі көрсеткіші 7,39-8,25 еріген оттегі концентрациясы 1,40-10,13 мг/дм³, ОБТ₅ -1,13-5,58мг / дм³.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 2251,8 мг /л, хлоридтер – 804,8 мг/л.

Әйет өзені

Әйет өзенінде судың температурасы 0,1 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,69 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 6,73 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,25 мг/дм³, түстілік – 23,5 градус, иісі -0 балл.

- Варваринка а. тұстамасы,: ауылдан 0,2 км жоғары, г/б жармасында: су сапасы 4 класқа жатады: магний -40,7 мг/л, минерализация – 1350,9 мг/л, қалқыма заттар 28,4 мг/л. Магний және қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, минерализация концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Обаған өзені

Обаған өзенінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші – 7,86, еріген оттегінің концентрациясы – 3,46 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,47 мг/дм³, түстілік -33,5 градус, иісі -3 балл.

-Ақсуат а. тұстамасы, ауылдан 4 км г/б тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 294,8 мг/л, магний – 363,8 мг/л, минерализация – 9440,5 мг/л, сульфаттар -2785,2 мг/л, хлоридтер – 2756,6 мг/л. Кальций, магний, минерализация, сульфаттар, хлоридтер концентрациялары фондық концентрациядан асады.

Тоғызақ өзенінде судың температурасы 0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,18 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 10,12мг/дм³, ОБТ₅ – 3,68 мг/дм³, түстілік -15 градус, иісі -0 балл.

- Тоғызақ а. тұстамасы,: Тоғызақ ст.СБ 1,5 км, г/б тұстамасында судың сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,111 мг/л. Никель концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Үй өзені

Үй өзенінде судың температурасы 0,1 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,99 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы – 4,28 мг/дм³, ОБТ₅ – 4,82 мг/дм³, түстілік – 15 градус, иісі -0 балл.

Уйское а. тұстамасы,: Уйское а Ш қарай 0,5 км, г/б тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 59,3 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Желқуар өзені

Желқуар өзенінде судың температурасы 0,1°C деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,01 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 5,82 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,46 мг/дм³, түстілік – 21,5 градус, иісі -0 балл.

- Чайковское а тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 0,5 км, г/б тұстамасында: су сапасы 4 класына жатады: магний – 56,6 мг/л, минерализация -1393,3 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, минерализация концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Аманкелді су қоймасы

Аманкелді су қоймасында судың температурасы 0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 8,04 тең, еріген оттегінің концентрациясы - 5,45 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,46 мг/дм³, түстілік – 8,5 градус, иісі -0 балл.

- Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. ОБ қарай 8 км, г/б жармасында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 47,8 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Қаратамар су қоймасы

Қаратамар су қоймасында судың температурасы 0,0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,42 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 7,66 мг/дм³, ОБТ₅ 1,8 мг/дм³, түстілік – 2 градус, иісі -0 балл.

-Береговое а, су қойма гидро құрылысынан ОБ қарай 3,6 км, г/б тұстамасында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): оттекті химиялық тұтыну – 41,7 мг/л. Оттектің химиялық тұтыну концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Жоғарғы тобыл су қоймасы

Жоғарғы Тобыл су қоймасында судың температурасы 0,1 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші - 8,39 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 10,21 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,18 мг/дм³, түстілік – 4 градус, иісі -0 балл.

-Лисаковск қ.: Лисаковск қ. Б қарай 5 км, г/б жармасында судың сапасы 4 класына жатады: магний – 44,5 мг/л. Магний концентрациялары фондық концентрациядан асады.

Шортанды су қоймасы

Шортанды су қоймасында судың температурасы 0,1 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 8,22 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 5,75 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,49 мг/дм³, түстілік – 6 градус, иісі -0 балл.

-Жітіқара қ.: тұстамасы, көпір ауданында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 441,9 мг/л.

Қараторғай өзені судың температурасы 0,1 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 7,98 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 6,91 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,00 мг/дм³, түстілік – 5-15 градус, иісі -0-1 балл.

-Урпек а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында судың сапасы 4 класқа жатады: магний -33,5 мг/л, сульфаттар – 528,3 мг / л.


-Торғай а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 447,0 мг/л.

Қараторғай өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 40,6 мг/л, сульфаттар – 415,6 мг/л, минерализация -1561,0 мг/л.

Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Тобыл өзені халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Тобыл өзені суының сапасын бағалау қосымша балық-шаруашылық су айдындарына белгіленген ШЖШ мен СЛКИ -ін пайдалану арқылы орындалды.

Тобыл өзенінде судың температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,85, судағы еріген оттектің концентрациясы 7,48 мг/дм³, ОБТ5 – 1,98 мг/дм³. негізгі иондар (сульфаттар – 4,2 ШЖШ, магний – 2,4 ШЖШ, хлоридтер – 2,7 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) -2,2 ШЖШ, мырыш (2+)) -4,9 ШЖШ, никель (2+) -6,5 ШЖШ, марганец (2+)-5,0ШЖШ. бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қостанай облысының аймағында Тобыл өзенінің СЛКИ су сапасы 2019 жылдың наурыз айында «ластанудың жоғары деңгейінде» болып бағаланады.



9.8сур. Қостанай облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

9.11 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 6 метеорологиялық стансада (Жітіқара, Қараменді, Қарасу, Қарабалық, Қостанай, Сарықол)) және Қостанай қаласының (№2, №4 ЛББ), Рудный қаласының (№5 ЛББ) 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (9.12 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05-0,20 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

9.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қостанай облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Жітіқара, Қостанай) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (9.12-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-4,2 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



9.12 сур. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шұғыла шағынауданы, 24-а үй, Мұратбаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Нариманова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
3			Қойсары батыр к-сі	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.1 сур. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

10.4 Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысының атмосфералық ауа жай-күйі (экспедиция)

Атмосфералық ауаның жай-күйі Қызылорда қаласының 5 маршруттық бекеттерінде (оңтүстік өндірістік аймақ, солтүстік өндірістік аймақ, Бакалейторг аймағы, «Ақмешіт» шағын ауданы, Балабақша «Шугла») және Қызылорда облысының 4 ауданында (Жаңақорған, Шиелі, Қармақшы, Арал) алынған ауа сынамасына талдау жүргізілді. (1-сур).

Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаға жүргізілген маршруттық зерттеулер бойынша қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің бар болуы норма шегінде болды (10.4-сурет, 10.4-кесте).



10.4 сур. Қызылорда қаласы бойынша экспедициялық бақылаудың маршруттық бекеттерінің орналасу сызбасы

2019 жылдың 1 тоқсанында Қызылорда облысы бойынша жүргізілген экспедициялық зерттеулер бойынша қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің бар болуы норма шегінде болды (10.5-кесте).

2019 жылдың 1 тоқсанына Қызылорда қаласының экспедициялық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама

Нүктенің күні	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ							
	Қалқыма заттар		Күкірт диоксиді		Азот диоксиді		Көміртегі оксиді	
	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
«Ақмешіт» шағынауданы	0,03	0,1	0,058	0,1	0,04	0,2	1,2	0,2
Солтүстік өндірістік аймағы	0,03	0,1	0,062	0,1	0,03	0,2	1,1	0,2
Бакалейторг аймағы	0,03	0,1	0,062	0,1	0,04	0,2	1,2	0,2
Балабақша «Шугла»	0,03	0,1	0,062	0,1	0,03	0,2	1,1	0,2
Оңтүстік өндірістік аймағы	0,04	0,1	0,065	0,1	0,03	0,2	1,1	0,2

2019 жылдың 1 тоқсанына Қызылорда облысының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама

Нүктенің күні	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ							
	Қалқыма заттар		Күкірт диоксиді		Азот диоксиді		Көміртегі оксиді	
	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
Шиелі	0,09	0,2	0,03	0,1	0,04	0,2	0,98	0,2
Жаңақорған	0,02	0,0	0,04	0,1	0,03	0,2	0,97	0,2
Қармақшы	0,03	0,1	0,03	0,1	0,02	0,1	1,06	0,2
Арал	0,03	0,1	0,05	0,1	0,04	0,2	1,0	0,2

10.5 Қызылорда облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Арал теңізі, Жусалы, Қызылорда) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (10.5 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 46,05 %, гидрокарбонаттар 39,26 %, натрий иондары 13,38 %, хлоридтер 18,18 %, кальций иондары 15,19 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Арал теңізі МС – 87,22 мг/л, ең азы Жусалы МС – 39,70 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 72,35 мкСм/см-ден (Қызылорда МС) 162,92 мкСм/см (Арал теңізі МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы бейтарап орта сипатта, 6,50 (Жусалы МС) – 6,90 (Қызылорда МС) аралығында болды.



10.5 сур. Қызылорда облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

10.6 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 2 су нысанында (Сырдария және Арал теңізі) жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Сырдария өзені:

- Төменарық бекеті, Түркістан қаласынан ОБ 46 км: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 32,53 мг/л, минералдылық – 1489,23 мг/л, қалқыма заттар – 22,667 мг/л, сульфаты – 446,667 мг/л. Қалқыма заттар және магний концентрациясы фондық концентрациядан аспайды. Минералдылық және сульфат концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Қызылорда қаласы, 3 км қаладан төмен тұстамасы: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 38,617 мг/л, минералдылық – 1503,01 мг/л, сульфаты – 440 мг/л. Сульфат концентрациясы фондық концентрациядан аспайды. Магний және минералдылық концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Қазалы қаласы, қаланың ОБ бөлігінен 3 км, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 38,61 мг/л, минералдылық – 1513,152 мг/л, сульфаты – 433,3 мг/л. Сульфат және магний концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, минералдылық концентрациясы фондық концентрациядан асады.

